



## ҚАУЛЫСЫ

«08» желтоқсан 2020 ж.

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 28

город Кызылорда

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 31 қазан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 7)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілері, азық-түлік емес және жабық азық-түлік базарларының, сауда орталықтарының жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, бір келушіге 4 м<sup>2</sup> есебінен толтырылуын 30%-тен асырмай, рекреация және демалыс аймақтарында сатып алушылардың болуына жол бермей және балалар ойын алаңдары, ойын орталықтарының және аттракциондарының жұмысына қатаң тыйым салумен, жұмыс және сенбі күндері сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін және жексенбі мен мереке күндері жұмыс уақыты сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін белгіленсін. Күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық, маска режимдерін қатаң сақтай отырып, фудкорттардың жұмысы тек тамақты жеткізу қағидасымен жүргізілсін;»;

2) 2-тармақтың 8)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысын орналасқан жеріне қарамастан, ғимараттардың ішін 50%-ке дейін толтыруды, бірақ 50-ден аспайтын отыратын орынның толуы бойынша шарттарды сақтай отырып, көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр элеуметтік қашықтықты және бір үстелде 4-6 адамнан аспайтын отыруды сақтай отырып, караоке, би алаңдарының, бар жұмысына қатаң тыйым сала отырып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға

қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен жұмыс кестесін сағат 9:00-ден 23:00-ге дейін белгіленсін. Осы тармақта белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келушілердің тамақтану залында болуына тыйым салумен, авто-экспресстің және тамақты жеткізудің жұмысын штаттық режимде ұйымдастыруды;»;

3) 3-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

4) 3 тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кинотеатрлардың қызметіне рұқсат беруді (толтырылуын 30%-дан асырмай, infokazakhstan.kz порталында тіркеле отырып, маска режимін, шахмат тәртібімен отырығызуды, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып) жұмыс және сенбі күндері сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін және жексенбі мен мереке күндері жұмыс уақытын сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін белгілеуді;»;

5) 4-тармағы алынып тасталсын;

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы 2020 жылғы 11 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

**Қызылорда облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Д. Жанабергенова**